

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ № 3

Мерзімі: 19.04.2023 жыл.

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата-аналар.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс (Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш. Аймагамбетова)
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М. Конисбаева)
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстар (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әбдіқалықова)

Тыңдалды:

Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш. Аймагамбетова:

Қазақстандық білім беру жүйесінде денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады.

Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Баланың сырқатына байланысты қорытындыда көрсетілген үйде оқыту мерзімі бір айдан оқу жылының соңына дейін болуы мүмкін. Мүгедектік тағайындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларының» №12 қосымшасына сәйкес формада мүгедектік туралы анықтама беріледі.

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша үйден оқытылатын екі оқушы бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша және ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 9-қосымша негізінде және №4 қалалық емханасының № 359 16.09.2022 ж. дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бекіткен « F70.ОНР III уровне.» диагнозы негізінде 2022–2023 оқу жылында 5«В» класс оқушысы 05.04.2011 жылы туылған Оспан Аян үйден оқытылады. Оспан Аяның отбасылық жағдайы орташа.Жеке екі бөлмелі пәтерде тұрады.Сабақ қабылдауы төмен.Берілген тапсырманы тез ұмытады.Арнайы бағдарламамен оқытылады. Сабаққа ынтасы төмен. Класс жетекшісі С.Койшыгулова.

№4 қалалық емханасының № 1850 09.09.2022 ж. дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бекіткен «F83.Смешанные специфические расстройства психологического развития.» диагнозы негізінде 2022–2023 оқу жылында 5«И» класс оқушысы 30.05.2010жылы туылған Максотов Санжарды үйден оқыту ұйымдастырылды. Санжардың сабақ үлгерімі өте жақсы. Ағылшын, математика, жаратылыстану пәндерін жақсы көреді. Мұғалімді күтіп,қуанып қарсы алады.Жеке пәтерде тұрады.Отбасы жағдайы жақсы.Сабақ оқуға барлық жағдайы жасалған. Сабаққа дайындалатын жеке бөлмесі бар.Тез қабылдайды,алғыр.

Бұл оқушыларға стандартқа сәйкес оқу жоспары мен сабақ кестесі жасалып оқытылады.Мектеп тарапынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.Мектеп пен ата-ана арасында үнемі байланыс бар.

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабы 6-тармағына сәйкес және 2022 жылғы 21 шілдедегі № 8 хаттамасымен ұсынылған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат пен № 4 қалалық емханасының дәрігерлік – кеңестің қорытындысы мен қалалық психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңестің тұжырымы бекіткен диагноздары негізінде төмендегі оқушылар инклюзивті оқытылады.

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, жылы	класы	ПМПК қорытындысы
1	Ысқақ Айжан	21.09.2012ж	5 «А»	ЗПР.
2	Ысқақ Нұртілеу	27.02.2007ж	10 «ә»	Нарушение опорно-двигательного -двигател аппарата
3	Жангалиева Асель	08.10.2008ж	7 «И»	ЗПР.Нарушения слуха КИ.ОНР II-IIIур.
4	Ергалиев Жәңгірхан	10.05.2008 ж	8»Д»	Нарушение опорно-двигательного -двигател аппарата
5	Сайлаубай Раяна	10.03.2014ж	3 «А»	ОНР IIIур.
6	Маратов Данияр	05.04.2022ж	1 «Б»	ЗПР.ОНР II-III ур.
7	Қалыбек Рамазан	01.09.2009 ж	7 «Ә»	Легкие нарушения интеллекта.ОНР IIIуро

Оқушыларға жеңілдетілген тапсырмалар беріліп, мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері тарапынан бақыланып отырылады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Конисбаева: Құқықтық тәрбиенің басты мақсаты- жеке адамның да, жалпы алғанда қоғамның да құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қыркүйек айында 2022-2023 оқу жылына арналған мектепшілік жылдық жоспары құрылып бекітілді. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚ бірлескен жұмыс жоспары құрылып ,бекітілді. Осы жоспарға сәйкес Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚ полиция аға лейтенанты Қиюбек Наргиз Жадетқызы мектептегі тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында аптасына 2 рет мектепке келіп, бақылау және түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыр.

2022 жылдың 10 қыркүйек күні «Отбасы-бақыт мекені» апталығы аясында 5-6 кластар аралағында класс жетекшілер «Зорлық-зомбылықсыз бақытты отбасы» тақырыбында ана-аналармен бірге тренинг ұйымдастырды. 19 қыркүйек күні Астана ауданы ПБ аға лейтенанты Ж.Қиюбек 1-11 класс оқушыларына мектептің мәжіліс залында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірі жұмыстарын жүргізді. Қараша айында нашақорлықтың алдын алу бойынша апталық ұйымдастырылып, 8 класс жетекшілері «Нашақорлық-жастардың болашағын жоятын қару» тақырыбында пікірталас ұйымдастырған болатын. Мектеп психологы М.Мулдагазина 5-класс оқушыларымен аталған тақырыпта тренинг өткізді. Сонымен қатар, әр айдың 8 не дейінгі аралықты мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы мен педагог-ұйымдастырушы әр класқа сыбайлас жемқорлық және оның алдын алу бойынша іс-шаралар өткізіп отырады. Аталған шаралардың барлығы-мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қалта ұрлығы, ақша жинау, қоғамдық орындарда шылым шегу-осылардың барлығы ұсақ құқықбұзушылық болып табылады. Сонымен «Жасұлан» бірыңғай балалар ұйымы апта сайын

кластарды аралап, мектеп ережесі, мектеп формасы және де тәртіпсіздіктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізіп отырады.

17 қараша күні жалпы ата-аналар жиналысында мектеп инспекторы Н.Қиубек құқықбұзушылық пен тәртіпсіздіктің алдын алу бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. 10-20 қараша аралығында «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында онкүндік ұйымдастырылып, онкүндік аясында тақырыпқа қатысты сурет байқауы өткізілді. Мектеп инспекторы 8-11 класс ер балаларының жиналысын ұйымдастырып, ұсақ құқықбұзушылық жасаған ер балаларға ескерту жасады. 30-қаңтар күні 5-7класс оқушыларына мектеп инспекторы дәріс жүргізсе, 14 ақпандағы жалпы ата-аналар жиналысында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда мектеп бойынша «Жасөспірім» профилактикалық есебінде 5 оқушы, (9 ә-2 оқушы, 10а-2 оқушы, 7и-1 оқушы) «Тәуекел» тобына 4 оқушы (7б-4) тіркелді. Аталған оқушылармен мектеп психологтары, класс жетекшілер, мектеп инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, мектебімізде оқу жылының басында «Тәртіп сақшылары» отряды құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сол жоспарға сәйкес «Тәртіп сақшылар» отрядының мүшелері түнгі рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүңгіршек, көп қабатты үйлер мен мейрамхана, дүкендерді аралайды. Рейд мақсаты кешкі уақытта мектеп жасындағы оқушылардың қозғалысын шектеу, сол арқылы тәртіпсіздік пен құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады. Жалпы құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған шаралар кешені. Аталған мақсатқа бағытталған іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отыр.

Мектеп-лицейімізде 2022-2023 оқу жылы бойынша ІІБ есепте тұрған сәтсіз отбасылар және оқушылар жоқ. Дегенмен мектеп қабырғасында де электронды темекі тартатын оқушылар анықталып жатыр. 7ә, 8а, 8е кластарының оқушылармен аталған тақырыпта жұмыстар жүргізілді. Ата-аналары шақырылып, мектеп инспекторымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жалпы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілуге тиісті жұмыстар жоспарға сай жүйелі жүргізілді. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде мектепшілік және Зауыттық ІІБ есепте тұрған оқушылар жоқ. 2022-2023 оқу жылы бойынша ешбір құқықбұзушылық тіркелмеді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әбдіқалықова: 2022-2023 оқу жылында "ҚР -ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңының орындалуы және алдын алу" мақсатында "Адал ұрпақ", "Сенім телефоны"-на жауапты мамандар бекітіліп, жұмыс жоспар құрылды. Сонымен қатар "Мектепте заңсыз қаражат жинауға тыйым салу туралы" бұйрық мектеп ұжымына таныстырылып, қол қойылды.

2022 жылдың 11 қараша күні оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, оқушыларды адал жолмен жүруге дағдыландыру, адалдыққа үйрету мақсатында Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің педагог-ұйымдастырушысы А.Исаева 9 класс оқушыларына "Жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында түсіндірме жұмысын өткізді.

2023 жылдың 30 қаңтар күні Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақтөбе қаласы полиция басқармасы № 1 қалалық бөлімінің полиция лейтенанты Қиубек Наргиза Жадетқызы 5-7 кластар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2023 жылдың 1 ақпан күні "Fales" пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен «БП.сыбайлас жемқорлықты мәңгілік проблема деп есептейді», «БП.Қазақстандағы басты жемқорлар-халық деп есептейді» тақырыбында 8 класс оқушылары арасында дебат сайысы болып өтті. Екі палата мүшелері өз ойлары мен пікірлерін нақты фактілермен аргументтер келтіре отырып, жеткізді. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тиімділігін арттыру. Сыбайлас жемқорлық ұғымын және осы құбылысқа қарсы күрестің негізгі бағыттарын талқылау.

Пікірталас барысында жемқорлық- қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы екендігі, оған жүйелі көзқарас, жан-жақты және шешуші іс-әрекет қажет екендігі айтылды.

2023 жылдың 4 ақпан күні Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің ұстаздарына Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша жиын өтті. Жиында мектеп -лицей директоры А. Уразалина ұжымға 2022 жылы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №802 Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарымен таныстырып, жан басына шаққандағы қаражат есебі берілді.

Стратегиялық құжатты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет әзірледі және халықаралық стандарттарға, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-қоғамдастықтың, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарына негізделген.

Тұжырымдама сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрестен алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, күшті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мықты иммунитетті қалыптастыруға, барлық бағыт бойынша ымырасыз күреске көшуге бағытталған.

Іс-қимыл жоспарында мынадай міндеттерді шешуге бағытталған тұжырымдама ережелерін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың нақты тізбесі көзделген:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау;
- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады.

8 класс оқушыларына «Сенің сыбайлас жемқорлық туралы пікірің» атты сауалнама алынып, қорытындыланды.

Сауалнама мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу, оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы түсінігін арттыру, заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру, тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, мектепшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы оқушылар ынтымақтастығын кеңейту және жандандыру.

Сауалнамаға барлығы 51 оқушы қатысты.

Сонымен 5 класс оқушылары арасында “Жемқорлық - індет, жою - міндет!” тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Нәтижесінде 1- орын иегерлері Нұрбекқызы А 5 Б класс, Айша 5 Б класс, Иргалиева Ж 5И класс, Алем 5 И класс. 2-орын иегерлері Сагизбаева А 5Б класс, Стерльцова А 5 Д класс, Орынбай Қ 5 В класс, 3-орын иегерлері Давлетов С 5 И класс, Бақытжан Ұ 5 Г класс, Алматов Д 5 В класс, Гринько А 5 И класс.

Мектебімізде оқушыларды адалдыққа баулу мақсатында 2019 жылдан бастап "Адалдық дүкені" үздіксіз жұмыс жасауда.

Шешім:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс "қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатырған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын, алдын алу шаралары жалғастырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, жемқорлық фактілерін болдырмау басты назарда ұсталсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  Ә.Әбілдаева